

# МАЙКЕНЕ - КЛЕЩЕВИНА



*Тексерген: Мұхаметжанова О.Т*

*Орындағандар: Какенова Г.К Кейкова М.М*

*Мусанова А.О*

*Тобы: АГ -313*

# **САБАҚТЫҢ МАҚСАТЫ:**

*Майкене дақылының өнімділігіне және майлы тұқым сапасына агротехникалық тәсілдердің әсерін зерделеу;*

# ЖОСПАРЫ

- 1. Майкене дақылының маңызы және таралуы*
- 2. Өсімдіктің ботаникалық сипаттамасы және биологиялық ерекшеліктері*
- 3. Майкененің өсіру технологиясы*

## **МАЙКЕНЕ – ЖОҒАРЫ МАЙЛЫ ӨСІМДІК**

**Тұқымында  
жалпы 47-50  
%  
Кеппейтін  
май болады  
ядросында  
64-71%  
болса,  
Жаңа сорт  
құрамында  
май мөлшері  
73-74%  
жетеді.**



**Оны медицинада  
«кастор майы»  
атауымен  
қолданады.  
Майкене майы  
тұтқыр, ауыр және  
төменгі  
температурада  
қатпайды (-40 -450  
С), бензинде және  
басқа органикалық  
еріткіштерде әлсіз  
ериді және  
техникалық  
мақсаттарда  
пайдаланылады**

# Майкене майын өндіру

Тұқымын  
ыстықтай  
сығымдау  
немесе  
еріткіш қосып  
экстракцияла  
у арқылы

Суықтай  
сығымдау  
арқылы



## ❖ Шаруашылықтағы маңызы:


- ✓ Кастор майын алдын ала жылумен өңдегеннен кейін одан кеппейтіннен лезде кебетінге айналады және жоғары сапалы олиф, бояу, линолеум береді .
- ✓ Қойылтылған күкірт қышқылымен өңделгеннен кейінгі кастор майынан алынатын ализаринді майы тоқыма өнеркәсібінде маталарды бояу үшін қолданылады.
- ✓ Парфюмериялық өнеркәсіпте кастор майы жақпа май, тіс пастасын және басқа өнімдерді дайындау үшін пайдаланылады. Оны иіс сабынның мөлдір сорттарының өндірісі үшін кеңінен қолданады.
- ✓ Майкененің қорапшаларының жемісті қабығы және тұқымының қайызы гидролизді өнеркәсіп үшін шикізат болып саналады. Майкененің сабағын сәйкесті өңдегеннен кейін арқан, бау, қап тігетін мата және басқа да ірі талшықты бұйымдар дайындауға арналған шикізат алуға болады
- ✓ Жапырағын жібек құрттарын қоректендіруге пайдаланады



Майкененің отаны – тропикалық Африка, көпжылдық өсімдік, биіктігі 10 м дейінгі ағаш тәрізді сабағы болады.. Егістігі Солтүстік Кавказда, Орта Азияда, Күнгей Кавказда, Украинаның далалы аудандарында және Төменгі Еділ бойында кездеседі. Егістігінің әлемдік ауданы 1,7 млн. га жақын.

Майкененің ең үлкен ауданы Үндістанда, Қытайда, Бразилияда, Аргентинада кездеседі. Қазіргі күні майкененің майының өндірісі және экспорты бойынша әлемде Үндістан бірінші орын алады. Майкенеден алынған техникалық май XIX және XX ғасырда кеппейтін және қатпайтын болғандықтан, ұшақтардың, машиналардың, станоктардың іштен жану қозғалтқыштарын және басқа бөліктерін майлау үшін пайдаланылды. Ресейге майкене XIX ғасырда Үндістаннан келген, оны «түрік сорасы», «жұмақ - ағаш», «кастор» деп атады. Майкенені өсіру бойынша алғаш рет тәжірибелер Кавказда, ал одан кейін Орта Азияда қойылған. Қазір майкененің 30 жуық түрі бар.







# *КӘДІМГІ МАЙ КЕНЕ*

```
graph TD; A[КӘДІМГІ МАЙ КЕНЕ] --> B[ҚАН-ҚЫЗЫЛ]; A --> C[МАНЬ-ЧЖУРИЯЛЫҚ]; A --> D[ЗАНЗИБАРЛЫҚ]; A --> E[ПЕРСИЯЛЫҚ];
```

*ҚАН-  
ҚЫЗЫЛ*

*МАНЬ-  
ЧЖУРИЯЛ  
ЫҚ*

*ЗАНЗИБАР  
ЛЫҚ*

*ПЕРСИЯЛ  
ЫҚ*



# Ботаникалық сипаттамасы



A  
1/4 d. nat. Gr.

B

Ricinus communis L.

## ❖ Биологиялық ерекшелігі



Майкене (*Ricinus communis*) жылу сүйгіш өсімдік, Оның тұқымы 12 – 13°C температурада өне бастайды. Алайда біркелкі өскіндері 16 – 18°C температурада пайда болады. Майкененің өскіндері минус 1°C үсікте тіршілігін жояды, ал ересек өсімдіктері күзде минус 3°C дейін төменгі температураны көтере алмайды. Өсімдіктің қалыпты өсуі және дамуы 25 – 30°C температурада жүреді. Аса төменгі температурада пісіп жетілуі созылады, өнімділігі және тұқымының майлылығы азаяды. Вегетациялық ұзақтығы 110-150 күн, қажетті температура жиынтығы 2500-3200 С тең.



*Майкене ылғалды талап етеді. Транспирациялық коэффициенті кең ауқымда өзгереді – 300-ден 600 – ге дейін. Топырақтың оңтайлы ылғалдылығы 70 – 80 %.*

*Майкене – қысқа күннің жарық сүйгіш өсімдігі. Топыраққа және қоректік заттарға деген майкененің талапшылдығы айтарлықтай жоғары. Ол үшін жақсы өткізгіш, құнарлы құмайт және сазды қаратопырақ, қызғылт және сұр орман топырақтары жақсы болып келеді. Топырақ ерітіндісінің оңтайлы реакциясы бейтарапқа жақын (рН 6 - 7,3).*



# Топырақ өңдеу жүйесі



*Сүдігер жырту*




*25 – 27 см тереңдікке сыдыра тарту*



*Культивациялау*



# Өсіру технологиясы



**Себу тәсілі.** Себуге ірі және біркелкі тұқымдар іріктеліп алынады. Тұқымның тазалығы 98% және өнгіштігі 85% төмен болмау керек. Себер алдында тұқымды дәрілейді. Тұқымды топырақтың 10 см қабаты 12 С жылынғанда себе бастайды. Себудің қолайлы мерзімі мамыр айының бірінші 10 күндігінің соңы. Майкенені шаршы ұялы (70x70) және пунктирлі тәсілмен 70 см қатараралықпен СУПН – 8, СУПН – 6МФ сепкіштермен себеді. Себу тереңдігі – 6 – 10 см. Ірі тұқымды сорттарды 1 га 20 – 25 кг, ұсақ тұқымды 1 га 10 – 12 кг.



**Күтіп баптау шаралары.** *Вегетация кезеңінде қатараралық 2 – 3 рет өңделеді, сонша рет сугарылады. Әрбір сугару мөлшері 400 – 500 м куб/га. Арамшөптермен күресуе гербицидтер қолданылады. Біркелкі пісуі үшін десикация жүргізіледі. Десикант ретінде Mg хлораты 15 кг/га және оны 100 л жұмыс сұйығына араластырып өсімдікке бүркеді.*





**Жинау тәсілі. Десикант қолданғаннан кейін 12 – 15 күн өткен соң ККС – 6 комбайнымен жинап алынады. КЦМ – 2 ұнтақтағышымен бастырады. Қамбада сақаталатын майкененің ылғалдылығы 6% дан аспау керек.**

